

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 мамыр N 686. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.06. N 855 қаулысымен. ~P000855

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі комиссия мына құрамда құрылсын:

Қажыгелдин Ә.М. - Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі (Комиссия төрағасы)

Есімов А.С. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші орынбасары
- Қазақстан Республикасының
Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің төрағасы, Комиссия
төрағасының орынбасары<*>

Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика
министрі

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрі

Колпаков К.А. - Қазақстан Республикасының Әділет
министрі

Қасымов А.Қ. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппаратының Басшысының орынбасары -
Аумақтық даму бөлімінің меңгерушісі,
Комиссия мүшесі<*>

Райымов С.Р. - Мемлекеттік қызметті реформалау
жөніндегі комиссия хатшылығының
меңгерушісі<*>

Дорофеева В.Н. - Комиссия хатшылығының сектор
меңгерушісі, жауапты хатшы <*>

Бехахметов Т.Қ. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппаратының басшысы<*>

ЕСКЕРТУ. Комиссия құрамы толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.26
N 1051 қаулысымен. P961051_
Ескерту. Комиссия құрамына өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.
12.02. N 1465 қаулысымен. P961465_
ЕСКЕРТУ. Құрам толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.02.06. N 161
қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі Комиссияның қызметін ұйымдық-ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында саны 5 адамнан тұратын, Комиссия Хатшылығының меңгерушісі басқаратын Комиссия Хатшылығы құрылсын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі Комиссия Хатшылығы меңгерушісінің лауазымы республикасы Үкіметі Аппараты бөлім меңгерушісі бірінші орынбасарының лауазымына теңестірілген, Комиссия Хатшылығының қызметкерлеріне республика Үкіметі Аппараты қызметкерлері үшін көзделген еңбек ақы тәртібі мен өзге де жағдайлар қолданылсын. Комиссия Хатшылығы Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясына орналастырылсын.

3. Үкімет құрамына еңбейтін министрліктер, мемлекеттік комитеттер, орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдар, басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі Комиссия үшін қажетті ақпараттарды талап етуі бойынша берсін, оның жұмысына практикалық көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі Комиссия туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 3 маусымдағы
N 686 қаулысымен

Бекітілген
Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі
Комиссия туралы
Ереже

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтерді реформалау жөніндегі Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асыратын

консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында қоғамның, мемлекеттің мүдделері мен қазіргі халықаралық стандарттарға жауап бере алатын мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесінің қалыптасуына жан-жақты мүмкіндік жасау болып табылады.

3. Комиссияның негізгі мақсаттары мыналар:

мемлекеттік басқару органдарының жүйелерін, әкімшілік басқарудың нысандары мен әдістерін, кадрлық жұмыс жүйелерін жетілдіру жөнінде ұ с ы н ы с т а р ж а с а у ;

орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметіне жүйелі талдау жасау және оны жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарын реформалау барысын талдау және үйлестіру;

кұрылымдар мен мемлекеттік қызметтің орталық және жергілікті персоналдарын басқаруды ұйымдастыруды ретке келтіретін жаңа нормативтік актілер, ережелер, процедуралар әзірлеу, қолданылып жүрген актілерді қарау, оларды өзгерту жөнінде ұсыныстар даярлау;

мемлекеттік қызметтерді ұйымдастыру және реформалау мәселелері бойынша конференциялар, мәжілістер, зерттеулер мен басқа да шаралар ұйымдастыру және өткізу;

республиканың мемлекеттік қызметшілерін даярлау және қайта даярлау үшін халықаралық жобаларды үйлестіру;

Комиссия қызметінің негізгі түрлері және мемлекеттік қызметтерді реформалау барысы бойынша есеп берулер әзірлеу болып табылады.

4 . К о м и с с и я :

Үкімет құрамына енбейтін министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, орталық атқарушы органдардан, жергілікті атқарушы органдардан, басқа да мемлекеттік органдардан оның құзырына жататын мәселелер бойынша қажетті а қ п а р а т т а р д ы т а л а п е т у г е ;

мемлекеттік қызметтер мәселелерін пысықтайтын ведомстволық және ведомствоаралық органдардың қызметінде республика Үкіметі шешетін мемлекеттік қызметтердің реформалануы және қалыптасуы проблемаларын қарауға және талқылауға қатысуға;

мәселелер кешені және жекелеген бағыттар бойынша комиссиялар, жұмыс топтарын құруға, оның құзырына жататын мәселелерді шешу үшін белгіленген тәртіпте ғылыми ұжымдарды, ғалымдарды, отандық және шетелдік мамандарды т а р т у ғ а ;

оның құзырына жататын мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен конференциялар, мәжілістер шақыруға, басқа шаралар өткізуге;

республика Үкіметіне, министрліктерге, басқа да орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарына мәселелерді қарау туралы ұсыныстар енгізуге;

өз қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Парламент және Үкімет аппараттарымен, басқа да орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен, ғылыми ұжымдармен, ғалымдармен, мамандармен, тиісті халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл ж а с а у ғ а ө к і л е т т і .

5. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Комиссияға тікелей басшылықты жүзеге асырады. Комиссия жұмысы жоспарға құрылады. Комиссия әзірлеген материалдар Премьер-Министрге тапсырылады және белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Президентінің қарауына е н г і з і л у і м ү м к і н .

6. Комиссия Хатшылығының меңгерушісін және оның басқа да қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату республика Үкіметінің қаулысымен жүзеге асырылады.